

**Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін, мемлекеттік ұйымдардың мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету туралы**

***Күші жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2014 жылғы 15 шілдедегі N 28/5-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 04 тамызда N 3435 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2018 жылғы 25 қазандағы № 25/8-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 25.10.2018 № 25/8-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының, 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 34-1 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, Риддер қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Риддер қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Денсаулық сақтау мамандарына әлеуметтік көмек Шығыс Қазақстан облыстық мәслихат шешімімен бекітілген мөлшерде төленеді.

3. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға 18000 (он сегіз мың) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 25.10.2017 № 16/6-VI шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*Н. ЗАМЯТИН*

*И. ПАНЧЕНКО*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК